

ӘОЖ 349.42

А.Т. Өзенбаева

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, заң факультетінің 1-курс PhD докторанты,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
E-mail: oaikoshat@mail.ru

ТМД елдеріндегі азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз етудің мәселелері

Ғылыми мақалада ТМД мемлекеттеріндегі азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз етудің мәселелері қарастырылды. Зерттеу барысында анықталған ТМД елдерінде қабылданған заңдардың кемшіліктеріне тоқталып, азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету заңнамалар жетілдіру үшін ұсыныстары талқыланды. ТМД-дағы аграрлық саясатындағы агроөнеркәсіптік кешенін бағдарламаларына талдау жүргізіліп, аграрлық сектордағы мәселелерді шешу жолдары анықталды.
Түйін сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, аграрлық саясат, агроөнеркәсіптік кешен, интеграциялау.

А.Т. Ozenbayeva

Legal issues ensuring of food security in the CIS

In the scientific article covers legal issues to ensure food security in the CIS. The study found deficiencies in the law of food security in the CIS, we suggested ways to improve these laws. Analyzing the program of agriculture in the agrarian policy of the CIS, we have found ways to address the agricultural sector.
Keywords: food security, agricultural policy, agro-industrial complex, integration.

А.Т. Озенбаева

Правовые вопросы обеспечения продовольственной безопасности в государствах СНГ

В научной статье рассматриваются правовые вопросы обеспечения продовольственной безопасности в государствах СНГ. В ходе исследования выяснились недостатки в законе в области обеспечения продовольственной безопасности в СНГ, предложены пути совершенствования на этих законодательствах. Анализированы программы агропромышленного комплекса в аграрной политике СНГ, выяснялись пути решения проблемы аграрного сектора.
Ключевые слова: продовольственная безопасность, аграрная политика, агропромышленный комплекс, интеграция.

Әлеуметтік, экономикалық жағдайларға және тұтыну мен табиғат апаттарының салдарынан шикізат пен энергия ресурстары бағасының өсуі азық-түлік өнімдерінің қымбаттауына алып келді. Азық-түлік дағдарысының зардаптары бүкіл әлемдегі әлеуметтік және саяси жағдайдың ушығып кетуіне соқтырады. Бұл жағдайда азық-түлік қауіпсіздігін аймақтық және халықаралық деңгейде тұрақтандырып, үйлестірілген және келісілген әрекеттерді жүзеге асыру қажет. ТМД

қатысушы мемлекеттердің арасындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты арттыруда.

ТМД-ның жалпы аграрлық нарығы 1997 жылы қазанда мемлекеттердің басшыларымен Кеңес мәжілісінде барлық ТМД елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін жоғары деңгейге жеткізу жайлы жоба бекітілді. 1999 жылы 16 қазанда Санкт-Петербургте ТМД елдерінің Парламент аралық Ассамблеясының мәжілісінде мемлекеттердің

азық-түлік қауіпсіздігі туралы Модельдік заңы қабылданды. Бұл заңда мемлекеттер саясатының негізгі бағыттары қауіпсіздіктің құрамы болып табылатын, мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар қолданыстағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажетті жағдайы болып табылады. Осы заңда мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі – мемлекеттің экономикалық жағдайы тәуелсіз елдерді азық-түлікпен қамтамасыз ету және барлық халықтың санына қарай белсенді және салауатты өмір үшін қажетті азықты экономикалық және физикалық қолжетімділігін кепілдендіру [1].

Ал азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету дегеніміз – азық-түлік дағдарысын ескертуге бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық және т.б. шараларды жасау және жүзеге асыру, тамақтанудың физиологиялық нормаларына сәйкес халықтың тамақ өнімдеріне деген қажеттерін қанағаттандыратын тиісті ресурстармен қамту болып табылады [1].

Мемлекеттің үкіметі – халықаралық нормаларға сәйкес азаматтардың тамақтанудың физиологиялық нормалары деңгейінде халықтың тамақ өнімдеріне жеткіліксіздіктен немесе аштықтан қорғау бостандығын кепілдендіру.

Мемлекеттің үкіметі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- мемлекеттің тамақ өнімдерінің қажетті деңгейін жоғарылату;
- ішкі және сыртқы қолайсыз факторларға тәуелсіз мемлекеттік азық-түлік қорын толықтыру және қайта толықтыру;
- барлық шығарылған тамақ өнімдері мемлекеттің стандарттар жүйесі мен талаптарына сәйкес болу керек.

Қазақстан және ТМД елдерінің азық-түлік өнеркәсібі саласында ұзақ уақыт бойы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің озық тәсілдері болмады. Ал олардың өндірген өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі ескірген стандарттар мен техникалық шарттарға негізделіп келді. Сондықтан әлемдік нарық кеңінен өріс алған қазіргі жағдайда халықаралық жоғары деңгейде әзірленген стандарт талаптарын ұлттық стандарт, нормативтік-құқықтық актілермен үйлестіру, халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) стандарттарын оңтайлы пайдаланудың маңыздылығы аса жоғары болып отыр.

ТМД мемлекеттерінің қатысушылары жалпы аграрлық нарықта 20-дан астам ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде шикі өнімдер мен өндірілген өнімдер шығарды. Тауар айналымда көбіне көп бидай, қант, шемішке майы, көкөністер, картоп, жемістер, жүзім, сүт, тері, мақта, және тағы басқа азық өнімдері өндіріледі.

Бұлардың барлығы бірінші орында ТМД елдерінің келісілген аграрлық саясатының Концепциясын құру міндеттері, сонымен қатар АӨК сыртқы экономикалық қызметін келісу, экономикалық интеграцияны жоғарылату, Достастықтар аумағында экономикалық және әлеуметтік эффект алу үшін жағдай жасау керек.

ТМД мемлекеттерінің қатысушылар агроөндірістік кешен мәселелері бойынша 30-дан астам нормативтік құжаттар (келісімдер, конвенциялар, хаттамалар) қабылданған. Соның ішінде, Қазақстан Республикасында бағдарламалар мен нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі 2003-2005 жылдардағы арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы, содан кейін Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы, бұл бағдарламаның жалғасы ретінде Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама жұмысын тоқтатып, жаңа агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған бағдарлама (агробизнес – 2020) қабылданып, осы актілердің барлығының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігінің АӨК-тік қалыптастыруы үшін жағдай жасау. Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізудің 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы №1332 Қаулысымен қабылданды [2, 34 б.].

Осы бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы шілденің 8-і №66-III ҚРЗ заңы Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақ-

тарды дамытуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

ТМД аясында экономиканың аграрлық секторындағы интеграцияны қалыптастыру мен дамыту аса өзекті мәселе болып отыр. ТМД-ның көптеген елдерінде ауыл шаруашылығы басты жұмыс беруші сала болып табылады.

Ұлттық экономиканың дамуы ауылшаруашылығының ерекше ықпал ететін факторларының бірі, ол осы саланың мультипликативті әсер етуінде. ТМД мемлекеттері арасында экономикалық және интеграциялық байланыстар дамығанмен, экономиканың аграрлық секторындағы үйлесімді жүйе әлі де толық қалыптаспаған. Сондай-ақ ТМД елдерінің агроөнеркәсіп кешендерінің даму деңгейлері бірдей еместігі байқалады.

ТМД-ның келісілген аграрлық саясаты агроөнеркәсіптік кешенін экономикалық интеграциялау, әр мемлекеттің және түгел Достастық халқының мүдделеріне қарай ауылдық мекенді дамыту, сыртқы экономикалық қатынастар, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мемлекеттік әрекеттердің әдістері мен қағидалары жиынтығы болып табылады.

Келісілген аграрлық саясаттың – АӨК барлық аумағының (ресурстық қамту, ауыл шаруашылығы, тамақ және қолдану өнімдері, сауда-саттық) дамуын қамтамасыз ету, оның эффективтілігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, әр елдің және Достастық елдерінің ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін кешенді шешу.

Бір елдерде ауыл шаруашылық және азық-түлік өнімдері өндірісінің салыстырмалы түрде жоғары екендігі, ал басқа елдерде азық-түлік ресурстарға және мал шаруашылығы саласына арналған жем-шөп базасына деген тұтыну көлемінің едәуір бөлігі импорт арқылы толтырылатындығы байқалады.

ТМД-ның аграрлық саласындағы интеграция ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және олардың экономикасының нақты секторындағы АӨК-ні әртараптандыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар аграрлық саладағы интеграция жаһандандудың теріс

салдарын жою және ішкі нарықты сыртқы бәсекелестерден қорғауға септігін тигізеді.

ТМД елдерінің аграрлық саласының ішкі өзара қарым-қатынастарын жүйелі түрде дамытуда олардың аумағында әлі де болса, өнім өндіруде тәуекелділіктің және өндірілген өнімнің өзіндік құнының жоғарылығын ескеру қажет. ТМД елдерінің аграрлық саласының тұрақты дамуына Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені оң әсерін тигізеді. Еліміз әлемнің басты шикізат өндіруші 25 елінің қатарына кіреді. Сонымен қатар ауылшаруашылық мақсатындағы, дәнді-дақылдар және картоп егетін жер көлемі бойынша басты аграрлық шикізат өндіруші 10 елдің қатарында тұр. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Республиканың ресурстары халықтың қазіргі азық-түлікті тұтынуы көлемінен 3 есе артық өндіруге жетеді.

ТМД елдер нарығында Қазақстан, бір жағынан, ауыл шаруашылық өнімдерінің сатушысы, екінші жағынан, сатып алушы болып келеді. Елімізде ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі экспортталған түрі дәнді дақылдар болып табылады. Әлемде ТМД елдерінің ішінде Ресей, Украина және Қазақстан астықтың ірі экспорттаушылары қатарында. Бұл елдердің 2000-2008 жылдар аралығында аталған ауыл шаруашылық өнімінің ортақ экспорттық әлеуеті әлемдік нарықта, 6%-дан, 24%-ға жетіп, 4 есеге артқан. Қазақстандық астықтың көп бөлігін Өзірбайжан, Беларусь, Ресей, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан, сонымен бірге алыс шетелдер сатып алады.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірістік өңдеуден өткен түрлері бойынша экспорт көлемінің арту тенденциясы байқалады. Мысалы, 2008 жылы Қазақстан әлемдегі үн өнімін экспортқа шығарушы ірі елдердің бірі болды. Еліміздің дайын кеспе (макарондық) өнімдерін экспортқа шығаруға да мүмкіндігі жоғары. Аграрлық саладағы интеграциялық үдерістерді жетілдіру және астықты сатып алу бойынша сауда операциялары мен баға құру жүйесін оңтайландыру мақсатында Қазақстан және Ресей 2009 жылдың басында ортақ сауда биржасын құрды. Аграрлық саладағы интеграциялық үрдістер аймақаралық деңгейде де, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін ортақ кәсіпорындар қызмет ететін шекарадағы облыстарда да дамуда [2, 149 б.].

Қазақстанда ауыл шаруашылық компанияларының негізгі қорларына жұмсалатын инвестициялардың жартысы астық саласына келеді. Соның нәтижесінде Украина, Беларусь және басқа да ТМД елдерінде активтері бар ресейлік ірі сауда өндірістік компаниялары аймақаралық аграрлық компанияларды құру үшін қазақстандық активтерді де сатып алуға мүдделі болып отыр.

«ТМД мемлекеттерінің қатысушыларының жалпы аграрлық нарық туралы келісім» 1998 жылы наурыз айында 10 мемлекеттің үкіметінің басшылары қол қойды. ТМД-ның жалпы аграрлық нарықтағы негізгі мәселелері соңғы он жылдағы ТМД елдерінің қатысушыларының тауар айналым көлемінің қысқаруымен байланысты болды [3].

Осы қиыншылықтарға қарамастан, ТМД-ның аграрлық нарығы әлемдегі нарықтың ең үлкен бір аумағы болып құрылуда. 2009 жылы Түрікменстанның астанасы Ашхабадта ТМД қатысушылары мемлекеттердің ауыл шаруашылық форумын өткізу ТМД елдері үшін бірден-бір бедел болды.

19 қазан 2010 жылы ТМД қатысушылары мемлекеттердің үкіметінің жетекшілігімен азық-түлік қауіпсіздігін көтеру туралы Концепцияны қабылдады. Онда мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігінің мақсаты – ТМД елдері барлық халықты ТМД елдерінің қатысушылары атынан өндірілген азықтың негізгі түрлерін, сондай-ақ ол адамның өмір сүру қызметі үшін қажетті азықтардың міндетті түрде саны мен сапасы жағынан физикалық және экономикалық қол жетімділігін, азық-түліктің сыртқы қайнар көздеріне тәуелсіз қамтамасыз ету қолайлы болып табылады [4].

Сонымен қатар саланың әлеуметтік аспектілерін де атап өткен жөн. ТМД-ның көптеген елдерінде ауыл шаруашылығы басты жұмыс беруші сала болып табылады. Мысалы, жаһандық урбанизация үдерісіне қарамастан, ТМД елдері халқының көп бөлігі ауылдық аймақтарда тұрады және сонда жұмыс істейді. Мысалы, Қазақстанның ауылдық аймақтарында халықтың 43%-ы, ал Тәжікстанда 73%-ы тұрады.

Достастық мемлекеттері арасында экономикалық және интеграциялық байланыстар дамығанымен, экономиканың аграрлық секторындағы үйлесімді жүйе әлі де толық

қалыптаспаған. Сондай-ақ ТМД елдерінің агро-өнеркәсіп кешендерінің даму деңгейлері бірдей еместігі байқалады. Бір елдерде ауыл шаруашылық және азық-түлік өнімдері өндірісінің салыстырмалы түрде жоғары екендігі, ал басқа елдерде азық-түліктік ресурстарға және мал шаруашылығы саласына арналған жем-шөп базасына деген тұтыну көлемінің едәуір бөлігі импорт арқылы толтырылатындығы байқалады [5].

ТМД-ның аграрлық саласындағы интеграция ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және олардың экономикасының нақты секторындағы АӨК-ні әртараптандыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар аграрлық саладағы интеграция жаһандандудың теріс салдарын жою және ішкі нарықты сыртқы бәсекелестерден қорғауға септігін тигізеді. ТМД елдері орасан зор жер, еңбек және материалдық ресурстарға ие. Сондықтан олардың ауыл шаруашылығының негізгі өнімдеріне және сол өнімдердің өңделген түрлеріне деген қажеттіліктерді толық қамтамасыз етуге және әлемдік рынокқа сол өнімдердің экспортын ұйымдастыруға мүмкіндігі бар.

ТМД елдерінің аграрлық саласының ішкі өзара қарым-қатынастарын жүйелі түрде дамытуда олардың аумағында әлі де болса өнім өндіруде тәуекелділіктің және өндірілген өнімнің өзіндік құнының жоғарылығын ескеру қажет. Мәселен, ТМД елдері ауыл шаруашылық өнімдерінің ішкі тұтыну бағасын дамыған елдердің ұқсас тауарларының бағасымен салыстырғанда жоғарылығы байқалды.

Достастық елдерінің аграрлық саласының тұрақты дамуына Қазақстанның агро-өнеркәсіптік кешені оң әсерін тигізбек. Еліміз әлемнің басты аграрлық шикізат өндіруші 25 елінің қатарына кіреді. Сонымен қатар ауыл шаруашылық мақсатындағы, дәнді дақылдар және картоп егетін жер көлемі бойынша басты аграрлық шикізат өндіруші 10 елдің қатарында тұр. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Республиканың ресурстары халықтың қазіргі азық-түлікті тұтынуы көлемінен 3 есе артық өндіруге жетеді.

Достастық елдер нарығында Қазақстан бір жағынан ауыл шаруашылық өнімдерінің сатушысы, екінші жағынан сатып алушы болып келеді. Елімізде ауыл шаруашылық өнімдерінің

негізгі экспортталатын түрі дәнді-дақылдар болып табылады. Әлемде ТМД елдерінің ішінде Ресей, Украина және Қазақстан астықтың ірі экспорттаушылары қатарында. Бұл елдердің 2000-2008 жылдар аралығында аталған ауыл шаруашылық өнімінің ортақ экспорттық әлеуеті әлемдік рынокта, 6%-дан 24%-ға жетіп 4 есеге артқан. Қазақстандық астықтың көп бөлігін Әзірбайжан, Беларусь, Ресей, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан, сонымен бірге алыс шетелдер сатып алады. Ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірістік өңдеуден өткен түрлері бойынша экспорт көлемінің арту тенденциясы байқалады. Мысалы, 2008 жылы Қазақстан әлемдегі ұн өнімін экспортқа шығарушы ірі елдердің бірі болды. Еліміздің дайын кеспе (макарондық) өнімдерін экспортқа шығаруға да мүмкіндігі жоғары.

Аграрлық саладағы интеграциялық үдерістерді жетілдіру және астықты сатып алу бойынша сауда операциялары мен баға құру жүйесін оңтайландыру мақсатында Қазақстан және Ресей 2009 жылдың басында ортақ сауда биржасын құрды. Құрылған “Еуразиялық саудасаттық жүйесі” АҚ-ның 60%-ы ресейлік “РТС” ЖАҚ-қа, ал 40%-ы Алматы өңірлік қаржы орталығына тиесілі. Астық пен ұнның 90%-ы өткізілетін Қазақстан-Ресей тауар биржасын құру интеграция жүйесінің тиімділігінің ұтымды нәтижесі болып табылады [6].

Аграрлық саладағы интеграциялық үдерістер аймақаралық деңгейде де, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін ортақ кәсіпорындар қызмет ететін шекарадағы облыстарда да дамуда. Мысалы, Ресейдің ТМД шекарасында жатқан 27 субъектісінің 11-і Қазақстан облыстарымен шектеседі. Қазақстан мен Ресейдің шекаралық саудасы жалпы сауданың 70 %-ын құрайды.

Қазақстанда ауыл шаруашылық компанияларының негізгі қорларына жұмсалатын инвестициялардың жартысы астық саласына келеді. Соның нәтижесінде Украина, Беларусь және басқа да ТМД елдерінде активтері бар ресейлік ірі сауда-өндірістік компаниялары аймақаралық аграрлық компанияларды құру үшін қазақстандық активтерді де сатып алуға мүдделі болып отыр. Қазақстанда мұндай интеграциялық бірігулердің оң тәжірибесі бар. Ресей, Беларусь, Қазақстан және Литва рыногында жұмыс жасайтын, негізгі қызметі астық өндірісі, оны сақтау, өңдеу және өткізу болып табылатын ресейлік

“Настюша” компаниясының Қазақстанда 200 мың га егістігі, 12 ауыл шаруашылық кәсіпорны, 16 элеваторы және 1 шошқа кешені бар.

Қазақстан да өз кезегінде Ресейдің агро-өнеркәсіп кешендеріне мүдделі. Мысалы, 600 мың га жер қоры бар, 500 мың тонна астық (көбінде 4-ші және 5-ші кластағы бидай) алатын, Республикадағы 3 ірі астық өңдеуші компаниялар қатарына кіретін “Иволга-Холдинг” компаниясын айтуға болады. Компания құрамында Ресейдің (Орынбор, Челябин және Курск) 10 элеваторы қызмет атқарады. Интеграция негізінде басты астық өндіруші елдердің (Ресей, Украина, Қазақстан) альянсын құрған жағдайда сыртқы нарықта дәнді-дақылдарға жоғары баға қою мен олардың өзара бәсекеге түспеуін қамтамасыз етер еді [7].

Достастық елдеріндегі интеграциялық үдерістердің перспективалы болашағы ет-сүт өнімдері нарығына да қатысты. Құс еті экспортын дамытудың жақсы болашағы Қазақстан, Ресей және Украинада бар. Қазақстан 2014 жылға қарай ет экспорты көлемін 64 мың тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Қазақстан 2009 жылы 900 мың тоннаға жуық таза салмақты ет өндіргенімен, оның өндеуге жіберілгені 22% ғана. Ресей жылына 1700 мың тонна ет тұтынады, оның 700 мың тоннасы – сиыр еті. 2010 жылы 19 сәуірде Қазақстан және Ресейдің ауыл шаруашылығы министрліктері әріптестерінің мәжілісінде Кеден одағы ережесіне сай ет және басқа да мал өнімдерін өткізу бойынша әкімшілік-ұйымдастырушылық жұмыстар жүйесін оңтайландыру мақсатында нақты жоспарлар жасалынды

ТМД елдерінің ет-сүт өнімдерін өндіру салаларын дамыту үшін бірыңғай интеграциялық саясат қалыптастыру қажет. Ол өз кезегінде ет-сүт өнімдерін өндіру және өткізу саясатын бірлесіп жүргізуге және өзара тиімсіз бәсекені болдырмауға мүмкіндік береді. Ресей, Қазақстан және Украинадағы құс етінің экспортының өсу қарқыны әлемдік экспортқа қарағанда жылдам артуда. Бірақ бұл елдердің ішкі рыногы әлі де болса импорттық өнімдермен толтырылады.

Бұл жағдай экспорттың төмен деңгейде әртараптандырылғанына байланысты болып отыр. Соның салдарынан еңбек өнімділігі және бәсекеге қабілеттілік төмендеп, өнімнің өзіндік құны артуда. Интеграциялық үдерістерді одан әрі

дамытуда Кеден Одағының құрылуы маңызды орын алады.

Сонымен, ТМД елдері экономикасының аграрлық саласындағы интеграциялық үдерістерді қалыптастыру мен дамыту еңбек өнімділігінің, өнім сапасының және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің артуына, олардың ұлттық экономикасының тұрақты дамуына мүмкіндіктер береді [8].

Өзара сауданы дамыту, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттігін арттыру мен инвестициялардың өсуіне жәрдемдесу мақсатында Қазақстан ТМД-дағы ықпалдасу үдерістерінің белсенді қатысушысы болады. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Ресей және Беларусьпен Кеден Одағының қалыптасуы мен дамуы серпінді жоба болады. Үш елдің ықпалдасуының келесі кезеңі 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру болады.

ТМД-дағы өңірлік экономикалық бірлестіктерді қолдай отырып, Республика Бүкіләлемдік сауда ұйымына елдің экономикалық даму басымдықтарына жауап беретін шарттарда кіру үдерістерін жеделдетеді. Қазір әлем жұртшылығын алаңдататын басты мәселенің бірі – азық-түлік қауіпсіздігін сақтау шараларын сауатты меңгеру болуы керек. Бұл жайында осы аптаның басында халықаралық сарапшы, Лондондағы корольдік университеттің профессоры Рейн Мюллерсон: «Бүгінде әлем ашқұрсақ болудан сақтануы керек. Осыны ойлаған әрбір мемлекет азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, тағамға қатысты тегеуріні мықты арнайы бағдарламалар арқылы жұмыс істеуі тиіс» деген-ді.

Сол-ақ екен біршама елдер азық-түлікке қатысты қатаң талап қоятын шешімдер легін шығарып та үлгерді. Мұны біздің төменгі тізбеміз айқындай түсетіндей. Мысалы, бір ғана маусым айында көршілес ТМД елдері азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мынадай шараларды қарастырыпты:

Ресей үкіметі Қазақстан мен Белоруссиядан ет-сүт өнімдерін экспорттауға тыйым салды. Ал Қырғыз елі азық-түліктен тарықпау мақсатында Орталық Азия елдері бірігіп, азық-түлік қауіпсіздігі қорын құруды ұсынды. Осы тұста Ресей азық-түлік қауіпсіздігін шешудің

бір жолы ретінде астық саммитін ұйымдастыру керектігін көлденең тартып отыр. Ал Өзбекстан мен Тәжікстан болса, көкөніс алқаптарын кеңейтіп, сыртқа көкөніс экспорттаудың жаңаша тетіктерін қарастып жатыр.

Мамандар форумның азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты өткен сессиясында өте салмақты пікірлер білдіріп жатты. БҰҰ Азық-түлік ауыл шаруашылығы ұйымының (UNFAO) бас директоры Жак Диуфтың пікірінше, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі Орталық Азиядағы өңірдегі импорттаушы елдерде өте өткір болып отыр. «Соның ішінде Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан секілді астықты сырттан тасымалдайтын елдердегі жағдайға ерекше көңіл бөлу қажет. Бұлар, негізінен, ТМД аумағы бойынша дәстүрлі экономикалық қатынастарға тәуелді елдер. Бұл бес мемлекет азық-түлік мәселесін шешу үшін өңірлік-саудалық ынтымақтастықты арттыра түскендері дұрыс. Сондықтан да ауыл шаруашылығы инфрақұрылымдарын, сала технологияларын, оны дамыту мен тәжірибелер алмасуды дамыту қажеттігін ескерген жөн» деп атап өтті ол. Оның айтуынша, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және болашақтың сұранысын қанағаттандыру үшін өндірілетін азық-түлікке қолжетімділік барлық елдер бойынша 70 пайызға, ал дамушы елдерде 100 пайызға артуы керек [8].

Қорыта келгенде, азық-түлік қауіпсіздігі жайсыздығы, әсіресе бидай импорты мен ТМД елдерінің экспортына тәуелді нетто-импортер болып табылатын Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан сияқты Орталық Азия елдері үшін аса ауыр тиімек. Бағаауытқушылық мәселесін шешу үшін азық-түлік пен ауыл шаруашылығы тауарларының еркін айналымын қамтамасыз ететін аталмыш аймақ елдері арасындағы саудасаттық келісімдері негізінде серіктестік құру мүмкіндіктерін қарастырған жөн. Оған қоса өнім көлеміне ең бірінші әсер ететін ауа райы мен табиғат жағдайына жүргізілетін мониторингтің біріккен жүйесін құру бойынша ынтымақтастық орнату жағы да назардан тыс қалмағаны қажет. Мұндай жұмыс табиғи апаттардың алдын алуға зор мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісі, әсіресе асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша тәжірибе алмастығы,

шаруа қожалықтарына үнемі қолдау көрсету азық-түлік қауіпсіздігінің басым бағыты болып табылады. Осы тұрғыда аймақтық деңгейде бол-

сын, жаһандық деңгейде болсын, бәріміз өзара тығыз серіктестік қарым-қатынас орнатқанымыз абзал.

Әдебиеттер

- 1 Альбатыров И.Ш. Международное сотрудничество в аграрной сфере. Автореф. дисс. канд. экон. наук. – Санкт-Петербург, 2005 – 181 с.
- 2 Бектұрғанов Ә.Е. ҚР-да азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері. – Талдықорған: ЖМУ. – 2012. – 207 б.
- 3 1999 жылы 16 қазанда Санкт-Петербургда ТМД елдерінің Парламент аралық Ассамблеясының мәжілісінде мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігі туралы модельдік заңы // Ақпараттық құқықтық жүйесі. – 2013.
- 4 Киселев С. Страны СНГ проводят активную аграрную политику// <http://www.rg.ru>
- 5 СНГ. Соглашение об общем аграрном рынке государств-участников Содружества Независимых Государств от 6 марта 1998 г. / Информационная система Параграф. 2013.
- 6 СНГ. Договор о создании Экономического союза (от 23 сентября 1993 г.) / Информационная система Параграф. 2013.
- 7 СНГ. Декларации глав государств – участников об основных направлениях развития Содружества Независимых Государств (апрель 1999 г.) // Информационная система Параграф. 2013.
- 8 Сейдахметов А. Аграрлық саладағы интеграцияның тиімділігі/<http://www.egemen.kz>

References

- 1 Albatyrov I.Sh. International co-operation in agriculture. Author. diss. Candidate. Econ. Science. – St. Pererburg, 2005 – 181 p.
- 2 Bekturganov A.E. (2012). Legal Problems Ensuring Food Security in the Republic of Kazakhstan. Taldykorgan, – pp. 115-116.
- 3 Resolution of the Inter parliamentary Assembly of States – members of the Commonwealth of Independent States on October 16, 1999 № 14-10 "On the model law" On Food Security // Information System Section. 2013.
- 4 Kiselev S. CIS countries are active agricultural policy // <http://www.rg.ru>
- 5 CIS. Agreement on the overall agricultural market of the Commonwealth of Independent States from March 6, 1998 / Information System Section. 2013.
- 6 CIS. Treaty of Economic Union (from September 23, 1993) / Information System Section. 2013.
- 7 CIS. Declaration of the Heads of States – members of the main directions of development of the Commonwealth of Independent States (April 1999) // Information System Section. 2013.
- 8 Seidakhmet A. The benefits of integration in the agricultural sector / <http://www.egemen.kz>